

**Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы және қоса атқаруы бойынша Тәжікстан Республикасындағы Елшілігінің жанынан әскери атташе аппаратын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 18 қыркүйек N 920

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы және қоса атқаруы бойынша Тәжікстан Республикасындағы Елшілігінің жанынан әскери атташе лауазымының енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігінің штат санына әскери атташе және оның көмекшісі лауазымдары қосымша енгізілсін.
2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бір ай мерзім

ішінде Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігіндегі әскери атташе мен оның көмекшісінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар сметасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі ведомстволық актілері мен нұсқаулықтарына осы қаулыға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі